



АЛЛАТАУ Ардагері

alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№35 (97) 29 тамыз 2025 жыл

30-тамыз Қазақстан Республикасының - Конституциясы күні!

АТА ЗАҢЫМ-АЙБАРЫМ

АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл-мемлекетіміздің құқықтық негізін қалаған, демократиялық қағидаттарды бекіткен, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын айқындаған маңызды мереке.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция-тәуелсіз еліміздің тұрақты дамуы мен өркендеуінің берік кепілі, негізгі құжаты. Негізгі Заңымыз қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді, әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Конституция-Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен болашағын айқындаған тарихи шешім. Бүгінгі таңда Конституция талаптарына сай құқықтық мемлекет құру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Ол еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына жол ашып, әрбір азаматтың лайықты өмір сүруіне кепіл болып отыр.

Конституция және қазіргі таңда мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясаты-еліміздегі тұрақтылықтың, бірліктің, өркендеудің кепілі. Осы құжаттың арқасында Қазақстанда этносаралық келісім, саяси тұрақтылық пен қоғамдық татулық орнаған.

Осы мерекелі күні Сіздерге зор денсаулық, амандық, игі бастамаларыңызға табыс тілеймін. Елімізде бірлік пен тұрақтылық орнап, Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры әрдайым биік болғай! Қазақстанымыздың тәуелсіздігі баянды болып, Конституциямыздың қағидаттары әрдайым жүзеге ассын!

Конституция күні құтты болсын!

**Құрметпен,
Алматы облысы ардагерлер ұйымының төрағасы
Е.С.ТҰРЫМБЕТОВ.**

Арнау

АТА ЗАҢЫМ-АБЫРОЙЫМ, АЙБЫНЫМ

Ата заңым менің биік беделім,
Ата заңым-келешегім, кемелім.
Заңмен шешем барлық істің түйінін,
Ата заңмен алға басып келемін.

Ата-заңым абыройым, айбыным,
Ата-заңым-қазыналы байлығым.
Тәуелсіз ел аспанынан нұр шашқан,
Заңым менің аспандағы ай күнім.

Шапағатын шашып бізге тұрды кім?
Ол ата заң шырылдаған шындығым.
Аялайық заңымызды сыйлайық,
Заңыммен мен әрқашан да құндымын.

Қорғайтұғын қасиетті заңым бар,
Тыныштықпен ататұғын таңым бар.
Арайлы күн шапағатын іздесең,
Мына бізден біздің елден алыңдар.

Заңым менің сүйенішім тірегім,
Сен болмасаң қалай өмір сүремін.
Тыныштығын сақтап тұрған елімнің,
Ата заңым сен екенсің білемін.

Береді дейсің бар жақсысын бізге кім,
Әділдікті өз заңымнан іздедім,
Шалыс бассам , қорғайтұғын құқымды,
Ата заңнан күдерімді үзбедім.

Ардақтайық ата заңды сүйейік,
Ата заңмен сөз түйінін түйейік.
Қорғайтұғын сәл кемшілік жасасақ,
Алтын заңға басымызды иейік.

Бексұлтан ҚОЛБАЕВ.
Кендала ауылы.

Салауатты өмір салты

ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫННЫҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРДІ

Тамыз айының алғашқы он күндiгiнде Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында «Қонаев Скр» халықаралық шахмат турнирі әлемнің 16 елінен келген 260-тан астам шахматшының басын қосып, 6 жастан 70 жастан асқан спортшыларға дейін түрлі санаттағы қатысушыларды қамтыған болатын. Оның жалғасындай өткен аптада Талғар қаласының мәдениет үйінде Алматы облысы Ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен салауатты өмірді насихаттау мақсатында ардагерлер арасында шахмат пен дойбыдан жарыс өтті.

Облыстың әр ауданынан іріктеліп келген шахмат пен дойбы турнирлерінің жеңімпаздары бір үстел басында бас қосып, ақыл-ой сайысында өз күштерін сынады. Жарыс шахмат ережесі бойынша айналма жүйеде 10 минуттан уақыт берілді. Бұл жүйе ойыншыларға уақытты тиімді пайдалануға және әр жүрісті мұқият ойластыруды әрі әр ойыншыдан берілген уақытта жылдам ойлаумен бірге мол тәжірибені талап етті.

Жарысты құттықтау сөзбен ашқан Алматы облысы Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Лияс Сүгіров зияткерлік ойынға қатысушылардың қатары жылдан жылға көбейіп келе жатқанына тоқталып: «Осыған дейін аудандарда жарыстар өтіп, жеңімпаз деп танылған ардагер ойыншылар бүгінгі жарысқа қатысып отыр. Бұл жарыста сіздер орталарыңызға қосылып отырған жаңа ойыншылармен жақынырақ танысасыздар, екіншіден бірі-бірлеріңізбен тәжірибе алмасуға мүмкін туады. Жеңімпаздар сыйлық алғандарын көріп, басқалардың да «Біз неге қатыспаймыз?» деген қызығушылығы оянады. Осындай жарыстарды ұйымдастыруымызға Алматы облысы әкімі Марат Сұлтанғазиев үнемі қолдау-көмегін көрсетіп келеді. Келешекте спорттың басқа да түрінен турнирлар ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Оның да белсенді ойыншылары өздеріңіз болады деп сенемін. Сіздерге сәттілік тілеймін», - деп ізгі ниетін білдірді.

Аудандарда өткізілген жарыстардан оза шауып, олжалы болған жеңімпаздар бұл жолғы сайысқа іріктеліп келгені әу бастан-ақ байқалып тұрды. Жанкүйерлер де тақымдарын қысып, өз спортшыларының жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектестігін іштей білдіріп отырды. Олай демеске амалдары жоқ. Қырағы көзді жарыс төрешілері сырттан берілетін әрбір көмектің ойыншыға кері әсерін тигізетіндігін жарыс басында ескерткені сырттай бақылаудан басқа амалдарын қалдырмаған еді. Мүлт кеткен жалғыз жүрістен жеңіліс тапқандар өкініштерін жасыра алмағандары бет-әлпеттерінен байқатып



жатты. Жарыстың аты-жарыс. Оның мақсаты - жеңіс мәресіне тек жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарды шығару.

Жарыстың қарт ойыншысы 77 жастағы Талғар ауданы ардагерлер ұйымының мүшесі Ахат Солтанқұлов ақсақалмен әңгімелесудің сәті түскенде ол: «Мен шахматты 5 жастан бері ойнап келемін. Шахмат тақтасына алғаш рет отырғызып, оның қыр-сырын үйреткен нағашы ағам Амангелді Есеновті әрқашанда ілтипатпен еске аламын. Содан бері арада қаншама жылдар өтті. Шахматтан Алматы облысының үш мәрте чемпионы атандым. Байқаймын бүгінгі жарысқа қатысушылардың алымы мықты. «Сен тұр, мен атайын» дейтіндерді шалып жығу оңай бола қоймас. Десе де төртінші рет облыс чемпионы боламын деген

үмітім бар» деп жымия күлген еді.

Ахат Әлімжанұлымен тілдескен аз мезеттің өзінде Талғар ауданында шахмат ойынына қы-



зығушылық жастар арасында жылдан жылға өсіп келе жатқанын аңғардық. Ахат ақсақал жетекшілік ететін Талғар қалалық шахмат федерациясындағы 10 шахмат клубында 1500 оқушы спорттың осы түрімен шұғылдануы да көп жайттан хабар бергендей. Яғни зияткерлік ойынға жасөспірімдердің құлшынысы көп жайттан хабар беріп тұрғандай. Бұл шахматпен айналысатын балалардың логикалық ойлауы мен математикадағы үлгерімі айтарлықтай жоғарласа, ересектер үшін бұл ойын есте сақтау қабілетін ұзақ уақыт сақтауға көмектесетіндігі айтпаса да түсінікті.

Қонаев қаласынан үкілі үмітін жетелеп келген Евгений Ким осалдардың қатарынан болмай шықты. Ол да Ахат ақсақал сияқты шахмат ойнауды бес жасында бастаған екен. Мектепте оқып жүргенде қатарластарының ешқайсысына дес бермесе, институт қабырғасында тәжірибесін жинақтап ірі жарыстарда топ жарып, жеңіс тұғырынан жиі көрініпті.

«Қапшағай қалалық әкімдігінде қызмет істеп жүргенде шахмат ойнауға көп уақытым бола бермеді. Жұмысбастылық оған мұрша бере қоймады. Қалада шахмат ой-

әдіс-тәсілінен бұрыннан хабардар едік.

«Бұл жарысқа бір терім үгілмей келдім десе де болады. Жарыстың болатындығын кеш естідім. Көңіл-күйімнің олқы соғып тұрғандығы да бар. Сайысқа шыққан соң үздіктер қатарынан көрінуді әр спортшы алдына мақсат қоятындығы белгілі. Дегенмен де «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» дегенді естен шығаруға болмайды. Спорттың аты-спорт. Жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Бүгін қай деңгейден көрінетіндігімді өзім де білмеймін. Оны жарыс қорытындысы анықтайды»,-деді Марат Нұрманұлы ағынан жарылып.

Бізді сүйсінткен ардагер аталарының қатарындағы бос орында екі кішкентай бүлдіршін қыз бен ұлдың дойбы ойнауы болды. Әзірше тәжірибелері болмаса да, жеңіске деген жігерлері, бір-бірімен қарымта қайтара отырып ойнаулары есімізде сақталып қалды. Бұлар енді дойбыдан бастаған қадамдарын шахматқа жалғастыратындықтарына күмән келтіруге болмайды. Талапты жас әрқашан да өрге жүзеді.

Талғар ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Матан Бекбосынов: «Былтырғы жылы ардагерлер арасында өткен шахмат пен дойбыдан өткен облыстық жарыста талғарлық ардагерлер шашаларына шаң жуытпай бірінші орынды иеленді. Ардагерлер салауатты өмір салты үшін барынша үлестерін қосып жеңіл атлетика, футбол жарыстарына да қатысып жүр. Ардагерлердің спортпен алаңсыз айналысуына аудан әкімі Танат Айдарбеков барынша қолдау-көмегін көрсетіп келеді. Биылғы жарыстың біздің ауданда жоғары деңгейде ұйымдастырылуы соның айғағы. Ардагерлердің өткізіп жатқан спорттық іс-шараларын көріп, жастар да қалыс қалмауда. Яғни біздер жастарға үлгі-өнеге көрсетіп келеміз деп айтуға болады»,-деді бізбен әңгімесінде.

Үш жарым сағатқа созылған жарыс та өз мәресіне жетті. Талғар ауданының әкімі Танат Айдарбеков арнайы келіп, жарыс жеңімпаздарын құттықтап, арнайы жүлделерді табыс етуі ардагерлердің де көңіл-күйін одан сайын көтере түсті. Әкім жайған кең дастарханнан дәм татып, ризашылықтарын білдірісіп, баталарын берді.

Жарыс қорытындысы бойынша шахматтан 1-ші орынды Ахат Солтанқұлов, 2-ші орынды Амандулла Абдимұратов, 3-ші орынды Евгений Ким мен Анвар Сайдұллаев иеленді, Дойбыдан 1-ші орынды Шарыпбек Уағизов, 2-ші орынды Марат Қашқынбаев, 3-ші орынды Қажибек Ташкенбаев пен Серікбай Жылқыбаев олжалады. Оларға дипломдар мен ақшалай сыйлық табыс етілді.

«Облыстық жарыс таза өтті. Қатысушылар тарапынан ешқандай шағым болған жоқ. Ойыншылар арасынан жаңа есімдер анықталды. Ал ардагер спортшы Ахат Солтанқұлов шахматтан төртінші рет Алматы облысының чемпионы атанды. Бұл - үлкен жетістік. Ақсақалдың тартымды, шиеленіске толы ойын-өрнегін зерделеп зейіндеріне тоқушылар да болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаев: «Шахмат-бұл спорт емес, ол ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыратын маңызды құрал» деген болатын. Меніңше, бұл жарыстан әрбір қатысушы өз қабілет-қарымын сынады деп ойлаймын»,-деді жарыс төрешісі Ақнұр Ғаббасов.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
Талғар қаласы.

Жанында жүр жақсы адам

ЕЛІНЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН АЗАМАТ

Қазақ ғылымы мен білімінің дамуына, ауыл шаруашылығына, кеден қызметіне, салық саласына айрықша үлес қосқан елге сыйлы азамат Бегманов Абдығали Салбекұлы биыл мерейлі жас жетпіске толды.

Жүріп өткен өмір керуеніне көз жіберетін болсақ, Абдығали Салбекұлы-соңында шыдамдылықтың, батылдықтың, үлкен жауапкершіліктің, білгенін басқалардан аямайтын, еңбек көрігін жандыратын, тұлғалық табиғатын, өнегелік ізін мәңгілік қалдыратын жанның бірі әрі бірегейі. Ол-халықтан алғанын сол халқына бере алған қайраткер азамат. 1955 жылдың 23-ші наурызында қасиетті Түркістан облысының Қазығұрт ауданы Қызыл дикан ауылында дүниеге келген ол жастайынан еңбекқорлық пен ізденіске құштарлығының арқасында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Білім жолында табандылық танытып, ең алдымен С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін, Алматы халық шаруашылығы институтын және Қазақ Ұлттық аграрлық университетін тамамдауына қол жеткізді.

Бұл азаматтың еңбек жолдары мен жылдарына үңілсек, негізінен үлкен үш кезеңді, үш саланы қамтитын секілді. Бірінші кезеңі-комсомол, партия және шаруашылық басшысы болған жылдар. Екінші кезеңі-республика көлеміндегі кеден, салық, табиғи монополия және Президент әкімшілігі мен Президент іс басқармасының басшылығы саласы болса, үшінші кезеңі-Қазақстан Республикасының жер саласы.

Қазақстан Республикасы табиғи монополия комитетінің аппарат басшысы, Қазақстан Республикасы аппаратының бас инспекторы мен іс басқармасында басқарма бастығы болғаны бар. Одан тысқары Алматы облысы мен Алматы қаласының өңіраралық жер инспекциясының басшысы, «Жерге орналастыру мен жер ресурстарының мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының» бас директоры, 1936 жылы құрылып, бүінгі күнге дейін жұмыс істеп келе жатқан Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институтының директоры болып қызмет атқарды.

Әр нәрсенің бастауы болатыны анық. Еңбек жолын Мыңбаев атындағы мал шаруашылығының ғылы-

ми-зерттеу иниситутына қарасты тәжірибе шаруашылығында қатардағы жұмысшылықтан бастаған. Мұнда бір жыл маңдайынан тер төге жұмыс істеп, еңбекке төселді. Бұдан кейін Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық курсында оқыған соң география факультетіне оқуға түсіп, оны 1979 жылы бітіреді. Сол жылы Алматы қаласындағы Қазақтың мемлекеттік қыздар педогогикалық институтының жаратылыстану кафедрасында аға лаборант болып, қызмет атқарып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, өзінің ұйымдастырушылық қабілетін шыңдады. Қоғамдық істегі белсенділігі оны комсомол жұмысына алып келді. Соның нәтижесінде Алматы облысы Күрті ауданындағы Тоқаш Бокин совхозы комсомол ұйымының хатшысы болды. 1980-1984 жылдары Алматы облысының Күрті ауданында, Алматы облыстық комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, Алматы қаласы Москва аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы сияқты жауапты лауазымды қызметтерді атқарды. Еңбек ете жүріп, екі жоғарғы оқу орнын оқып бітірді. Осылайша, жастық шағында комсомол қатарында болып, жастарды тәрбиелеу ісіне белсене араласты. Кейінірек өмірлік тәжірибе жинақтау мақсатында Талғар аудандық партия комитетінде ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, Балқаш ауданының «Қарай» совхозында партия тұрмысын басқарып, партком хатшысы болды. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданындағы Мичурин атындағы жеміс-жидек совхозының директоры қызметін де абыройлы атқарды. Алматы қаласының Ленин аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы болды. 1990-1991 жылдары ҚазС-СР Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, ҚР Премьер-Министрі орынбасарының көмекшісі, Президент аппараты мен Министрлер кабинетінің аумақты дамыту және ұйымдастыру бөлімінің сектор менгерушісі, бас инспекторы, одан соң осы бөлімнің бас нұсқаушысы лауа-



зымды қызметтерін атқарды. Бұдан кейінгі жылдары салық және кеден саласында басшылық қызметтерде болып, білімділігі мен біліктілігін шыңдады. Нақтырақ айтсақ, Алматы облысында кеден саласы басшысының орынбасары, бірінші орынбасары, «Достық» кеденінің бастығы болып істеген. Ғылым саласына да орасан зор үлес қосты. Абдығали Салбекұлы-экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық ауыл шаруашылығы академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академияның корреспондент-мүшесі, Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің құрметті профессоры.

Ол «Қайраткер.Ғалым.Ұстаз», «Жоңғар қақпасы алдындағы «Достық» кедені», «К.У.Медеубековті еске алу» атты басқа да бірнеше кітаптардың, мерзімді баспасөз саналған журналдардың, ғылыми тақырыптардағы мақалалардың және қолжазбалардың авторы ретінде ел ғылымына өлшеусіз үлес қосты.

Абдығали Салбекұлының лауазымды қызметтерінің барлығын жазып шығу мүмкін емес. Ең бастысы, қай жерде қызмет атқармасын ол өзінің кісілігі мен кішілігін жоғалтқан жоқ. Әрбір атқарған жұмысынан нәтиже шығарып, айналасына парасаттылықтың, қарапайымдылықтың, биік мәдениеттіліктің үлгісін көрсете білді. Иә, бір қарағанда тау беткейіне жағалай бітіп, еңсесін тіктеген күйінде көкке шаншылып тоқтаған қарағайдай

ешкімге бас имейтіндей көрінгенімен мінезі жайлы, жанарынан шашылған нұр бойына жылулық сәулесін күйғандай.

Ғылым мен білімге адал қызмет ету оның өмірлік ұстанымы болды. Қажырлы еңбегі мемлекет тарапынан да лайықты бағаланып, 2010 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2016 жылы «Құрмет» орденімен, ал 2025 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өркендеуі мен дамуына қосқан зор үлесі және ғылым мен жоғары білім саласына сіңірген ерен еңбегі үшін «Фараби» атындағы алтын медальмен марапатталды. Қазақстан Республикасы жер саласының үздік медальдарымен, Бірінші дәрежелі және екінші дәрежелі «Еңбек даңқы», ҚР жер саласының Құрметті жерге орналастырушысы төс белгілерімен, Қазақстан Республикасы мемлекеттік істер жөніндегі агенттігінің «Алғыс хатымен», Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қарасты Кеден комитетінің «Құрмет грамотасымен», Алматы қаласы әкімінің «Құрмет грамотасымен» және басқа да айта берсе көп марапаттармен марапатталғаны тағы бар. Бұл марапаттар-елге сіңірген еңбегінің, қажырлы қайратының, азаматтық болмысының айқын дәлелі.

Туған жеріне деген сүйіспеншілігі мен еліне сіңірген еңбегі ескеріліп, Түркістан облысы Қазығұрт ауданының Құрметті азаматы атанды. Бұл-оның ел алдындағы беделі мен абыройының айғағы.

Бүгінгі таңда зейнет қатарында

болса да әлі де еңбектен қол үзбей, 2021 жылдан бастап Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты жер ресурстары басқармасының ауыл шаруашылық зерттеу институтында директордың кеңесшісі болып, қоғамға пайдасын тигізіп жатқан жайы бар. Оның алдында осы институтты 10 жыл басқарған болатын. Жалпы жер саласына он сегіз жылдан бері қызмет атқарып келеді.

Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласатынын айта кеткеніміз жөн. Қазақстан Республикасы «Ауыл шаруашылығы ардагерлер кеңесінің» жанындағы Алматы қаласы мен облысы Қоғамдық бірлестігінің төрағасы және Бостандық ауданы ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасарлығы жұмыстарын қатар алып жүр. Оның сыртында осы институттағы «Ауыл» партиясының басшысы міндетін атқаруда. Қалалық әкімдіктегі «Дін және жастар» қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары болып қоғамдық қызмет атқарды. Реті келгенде айта кеткен жөн, Абдығали Салбекұлы Бегманов ұзақ жыл Алматы облысында партия, совет қызметінде, салық, кеден, жерге орналастыру саласында жауапты қызметтерді абыройлы атқарып, осы өңірдің гүлденіп, көркеюіне, экономикасының артуына орасан зор үлес қосқан азамат. Ендеше, осы еңбектерінің өтеуі ретінде Алматы облысының Құрметті азаматы болуға әбден лайық деп ойлаймыз.

Ол-бұл күндері өнегелі әке ғана емес, ардақты ата да. Өмірлік жары Дамира екеуі ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріп, балаларын адалдыққа, білімге, еңбекқорлыққа тәрбиеледі, баулыды. Бүгіндері балалары өмірден өз орындарын тауып, қоғамның әр саласында ел игілігі үшін еңбек етіп жүр. Немеңгерлерінің ортасында шаттыққа кенеліп, шаңырағының шуағына кенелуде. Үлкенді сыйлап, кішіге қамқор бола білген әке тәрбиесі бүгінде әулетінің бірлігінде, немелерлерінің қуанышында жалғасын табауда. Шаңырағының ырысы мен берекесі елге үлгі боларлықтай.

Абдығали Салбекұлының жетпіске толған мерейлі жасымен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілейміз. Жер саласы мен ғылым мен білім саласындағы еңбегінің жемісі артып, елге жасап жүрген игілікті істері жас ұрпаққа үлгі бола берсін.

Алтынбай СИҚЫМБЕК.

Активное долголетие

Соревновались ветераны-любители шахмат и шашек

В пятницу в городе Талгар прошли соревнования по шахматам и шашкам где участвовали команды со всех районов Алматинской области. Мероприятие прошло в Доме культуры по улице Рыскулова. После процедуры регистрации, турнир открыл заместитель председателя Алматинского областного филиала РОО «Организация ветеранов» Ильяс Сугуров. Он приветствовал всех прибывших участников. Напомнил, что в финал отбирались победители районных соревнований, так что состав собрался сильный, бескомпромиссный и пожелал успехов каждому.

Далее главный судья Алишер Джакашев разъяснил игрокам правила проведения турнира.

Места распределились следующим образом. По шахматам. Первое место занял Ахат Солтанкулов из Талгарского района; второе место у Амандуллы Абдимуратова из Карасайского района; третье место завоевали Евгений Ким, город Конаев и Анвар Сайдуллаев, Уйгурский район. Все призеры турнира получили небольшие денежные призы – 10, 20 и 30 тысяч тенге соответственно занятым местам.

По шашкам. Первое место у Шарыпбека Уагизова, Жамбылский район, 2 место присуждено Марату Кашкинбаеву из Балхашского района, третье место поделили Кажибек Ташкенбаев Илийский район и Се-

риқбай Жылкыбаев из Енбекшиказахского района. Все они получили такие же денежные призы (по 10, 20 и 30 тысяч тенге).



Особенно приятно, что церемонии награждения посетил аким Талгарского района Танат Айдарбеков, что говорит о внимании мест-



ной власти к ветеранам. Танат Есенкельдинович сказал: «Аксакалы – золотой фонд нашего общества, хранители народных традиций и мы, младшее поколение, должны уважать ветеранам, их опыт и достижения. Рады приветствовать вас на гостеприимной талгарской земле. Поздравляю победителей и а также тех кто не вошел в число призеров, ведь главное не победа, а участие! В вашем возрасте - тем более».

Аким района лично вручал сертификаты и почетные грамоты участникам ветеранского турнира.

Председатель совета ветеранов Талгарского района Матан Бекбоysнов, от принимающей стороны отметил в интервью СМИ: «Талгарские ветераны личным примером пропагандируют здоровый образ жизни. В прошлом году в селе Бе-

сагаш проходил отборочный этап Кубка Senat Open по шахматам, куда съехались более сотни участников и приглашенных гостей. Также в Талгаре проходил областной турнир ветеранский турнир по шахматам, совместно с фестивалем творчества ветеранов. Команда талгарских шахматистов-ветеранов всегда на занимает высокие позиции в областной федерации шахмат и областном совете ветеранов. Мы признательны, что наше районное руководство всегда идет навстречу нашим просьбам, пожеланиям, предоставляя помещения для подобных культурно – массовых, спортивных мероприятий, оказывая организационную помощь и всестороннюю поддержку».

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Талгар

Жақсылар туралы сөз етсек

Озат сауыншы, асыл ана

Әлемдегі бар жақсылық күннің жылуынан, ананың ақ сүті мен ақ тілеуінен, өлшеусіз еңбегінен, қамқорлығынан бастау алып, тарайды. Бұл-айнымас ақиқат.

Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен әйел-аналар туралы сөз қозғағанда қазақтың дана, батыр әйелдерін тізбектеп тауысу мүмкін емес. Ондай игі жақсылар өзіміздің ортамызда да жетіп артыларлық.

Талай жыл еңбек көркін қыздырып, даналығымен тұтас әулетті ұйытқан, алтын құрсақты ана, еңбек ардагері Күсән Рысқұлова туралы сөз қозғағанда, осындай әдемі орам ойымызға оралды да тұрды. Ұрпағына үлгі болып, тек адалдыққа, түзу тәрбиеге үйреткен абзал ананың саналы ғұмырын зерделеп, мақаламызға арқау еттік.

Күсән апамыз 1939 жылы 6 қаңтарда Қытай Халық Республикасы, Шолақтерек ауылында дүниеге келді. Әкесі Құлымха мен шешесі Гүлбара қарапайым шаруа адамдары болған. 15 жасында жұбайы Бекембай Рысқұловпен

отбасын құрып, 1959 жылы Кеген ауданы, Қарқара ауылындағы «Мыңжылқы» совхозына қоныс аударды. Еңбек жолы ерте жастан басталып, сауыншы болып жұмысқа қабылданған Күсән апамыз кейін коммунистік партия қатарына алынып, еңбектің көркін қыздырады. Бірі сауыншы, бірі бақташы қарапайым жандар ауыл экономикасын дамыту жолында бірлесе еңбек етті. Сан жылдар жаздың аптабы мен қыстың суығында малдың қомында жүріп, зейнеткерлікке шықты. Отбасы жағдайына байланысты 1998 жылы Тасашы ауылына көшіп келді.

- Сағат таңғы бестен тұрып, күніне үш мезгіл 25 сиырды қолмен сауамыз. Ол уақытта бізде бос уақыт болмайтын, сауын біте алып, бұзаулардың астын тазалап, шөбін саламыз. Бір литр сүт кем болса, әкемізді танытатын. Қы-



сы-жазы Мыңжылқыда тұрдық, жем-шөпті әкеп беріп тұрады. Әр сиырға жоспар береді, жыл аяғында орындамасаң, жалақыңнан ұстап қалады. Орындасан, сыйлығын береді. Жолдасым Бекембай озат бақташы болды. Ол кезде малшыларға жақсы қарайтын, шайын, ұнын әкеп береді,-деген кейіпкеріміз өткенді тебірене есі-

не алды.

Еңбекші отбасында тәрбиеленген балалардың барлығы бүгінде үлкен өмірге қанат қаққан. Күсән апаның ұлдары Нұрлан, Ербосын, Жанар, Жанасыл, Жанатбек, кішісі Ардақ - әкенің тәлімімен, ананың ақ сүтімен адалдықты ту еткен жандар. Келіндері Құралай, Нұргүл, Жазира, Бижамал, Инди-

ра, Назира да-текті әулеттің тумалары. Ал шаңырақтың шаттығын еселеген қыздары Секерхан, Союзхан, Анар Әбдірасыл, Жұман, Нұрбақыт есімді күйеу балаларымен көңіл жарастырып, өрістерін кеңейткен. Шаңырақтың тірегі Бекембай ағамыз 2002 жылы дүниеден озды. Күсән апамыз-бүгінде 6 ұл мен 3 қыздан тараған 31 немере-жиеннен, 48 шөбере мен жиеншар сүйіп отырған бақытты әже. Көпбалалы алтын құрсақты ана Мемлекет басшысының Жарлығымен «Алтын алқа» иегері атанғанын да айта кетуіміз орынды.

- Заманымыз тыныш, аспанымыз ашық заман болып, балаларға жақсы өмір, денсаулық, ұзақ өмір берсін!-деп батасын берді бүгінде сексеннің алтысын алқымдаған ардақты ана. Артта қалған ауыр жылдарға шүкіріп, дұғасын іштей айтып отыр. Жаратылысынан тура сөйлеп, түзу жолдан таймаған әже тілеулестігінен айнымаған.

Өмірі адал еңбекпен өріліп, ұрпағымен мың жасап отырған аяулы жанның батасына «Әумин!» дестік.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ.
Кеген ауданы.

Ұстаздық еткен жалықпас

ӨМІРІН ЕҢБЕКПЕН ӨРНЕКТЕГЕН

Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, еліміздің өркендеп өсуіне аянбай тер төгіп келе жатқан Ибраймова Табиғат Төлеуқызы жайлы әңгіме қозғамақпыз. Қасиетті де киелі Абай жерінде өмірге келіп, білім алып, үлкен өмірге еліміздің тәуелсіздік алған жылымен бірге аяқ басты.

Балқаш қаласындағы педогогикалық училищесін және Алматыдағы қазақ мемлекеттік қыздар педогогикалық институтын бітірген. Жалпы еңбек өтілі 32 жыл. Біліктілік санаты «Педогог зерттеуші», «Басшы-менеджер»

1991 жылы Семей облысы Шұбартау ауданы Бақанас орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі. Арманы асқақ, алдына қойған мақсаты-ұшан теңіз, жас маман жас ұрпақты ұдайы жаңашылдықты талап ететін замана көшіне ілестіру.

Мектеп басшылығы оған жас маман деп қарамай, пәндік жүктемелерімен қатар қоғамдық жұмыстың да тізгінін ұстатып, үлкен сенім артты. Жаратылысынан ізденімпаздыққа жаны құштар жалынды жас өзіне артылған сенімге селкеу түсірмей, абыроймен атқаруға білек сыбана кіріскен. 2001 жылы жаңа ХХІ ғасырда жаңа жерге, жер жанаты Жетісу жеріне отбасымен қоныс аударды.

Алматы облысы Іле ауданы №3 орта мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып орналасты. Ұстаздық еткен осы Іле ауданының №39 мектебінде 2006 жылы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарды. Осы кезеңдерде білімінің тереңдігі, ой өрісінің кемелдігі, ізденімпаздығы, жаңашылдығы арқылы шәкірттерінің талабын ұштап, жүректеріне жол таба білген Табиғат Төлеуқызын аудандық білім бөлімінің ұсынысымен 2007 жылы Байсерке ауылындағы жаңадан ашылған №12 мектепке директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне бекітті.

Ал, 2016 жылдан 2022 жылға дейін осы №12 мектептің директоры болып қызмет жасады. Осы жұмысында да үнемі шығармашылықпен жұмыс істеуді басты назарда ұстаған мектеп басшысы, өзіне өзі қойған талаптарды әріптестеріне де қойып, мектептің жетістігін арттыруға кенінен жол ашқаны өзімен қатар еңбек еткен ұстаздар қауымының есінен шыға қойған жоқ. Сол ұстаздар Табиғат Төлеуқызының білімі мен ізденгіштік қасиетін, талапшылдығын әлі күнге дейін өнеге етіп айтып отырады.

Көп жағдайда адамның нағыз азамат болуы атқарған қызметіне немесе жоғары мансабына емес, адамгершілігіне, ұстамдылығына, қарапайымдылығына кезі келгенде әділдікті бетке айтатын турашыл-

дығына, қай орта болсын тіл табыса алатын икемділігіне байланысты. Ақиқаттың ақ жолынан таймай, өмір жолы тек ізгілікпен өріліп ұлағаттықпен астасқан жан ол Табиғат Төлеуқызы дер едім.

Ана бақыты отбасының татулығы мен амандығы десек, бұл жерде де Табиғат Төлеуқызының бағы жанған. Директор Табиғат қызмет пен отбасын қатар алып келе жатқан аяулы ана, адал жар.

Еліміздің дамуына, үлес қосып, өз ортасына балғын балауса бүлдіршіндерге білім беруден еңбек жолын бастаған, сөзімен де, ісімен де талап биігінен шыға білген.

Табиғат Төлеуқызының ең басты қағидаты, ол-тәртіп.Тәртіп болмаған жерде жұмыс та өз нәтижесін бермейді.

Ер азаматтардың өзі жүрексіне атқаратын шаруаны бұрымдылардың бұйым құрлы көрмей тындыра қоятыны бар. Бұл-нәзік жандарды ерлерден биік қойғанымыз емес, еркісіңше қазақ қызының ерге бергісіз қабілетіне, талайды тамсандырған қансетіне қарап айтқанымыз.

Біреуді жөнсіз мақтау мен іс-әрекетіне сүйсініп, дәрежесін көтере сөйлеуді шатастырып алмағанымыз дұрыс. Ұстаз қызметінің мақсаты өз пәнін үйретуден гөрі тереңіректе, ол -жаңа адамды жасаушы адам.

Ел болашағының кілтін ұстайтын жас ұрпақ-еліміздің басты құндылығы, олар толыққанды білім алып, білімді де білікті азамат болып қалыптасуына ықпал ету – басты міндет.

«Мектеп-кеме, білім-теңіз» дейді халқымыз. Білім айдынында талмастан жүзіп келе жатқан ауданымыздағы іргелі мектептердің қатарына Байсерке ауылындағы №28 мектеп – гимназиясы да кіреді.

Гимназияда оқу – тәрбиелік қызмет жүйесінің негізгі мақсаты – өмірлік ұстанымы бар, жан- жақты, ішкі дүниетанымды және қандайда жағдайға төтеп бере алатын қабілетті тұлғаны қалыптастыруға жағдай жасау.

Быылғы оқу жылының басында мектеп ауылдық жерлердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту жобасы аясында білім беру саласын тұрақты дамыту қоры есебінен мектептің толық материалдық базасы қайта жаңартылды. Көптеген оқу кабинеттері интербелсенді тақтамен және ар-

найы зертханалық-практикалық құрылғыларымен жабдықталып, мұғалімдердің жаңаша сабақ берулеріне жағдай жасалды. Жалпы №28 мектеп-гизазиясының ауласы ауыл мектептерінің арасындағы көркімен көз тартатын, жасыл желек пен әсем гүлдерге оранған керемет мекемелердің бірі әрі бірегейі деп ауыз толтырып айта аламын. Осындай мектепте оқыған білім алушылар жыл сайын ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғарғы балл жинап, 90 пайыз шәкірттері мемлекеттік гранттың иегері атанады. Жыл сайын «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» иегерлерінің санының да өсіп келе жатқанының куәсі болып жүрмін. Бұл ұжымды айрандай ұйғытып, өзі атқарған жұмысының ілгері басуына жол көрсетіп отырған білікті басшы Ибраймова Табиғаттың және әкімшілік мүшелерінің ерен еңбегі деп білемін. Білікті басшысы бастаған, қалған ұжым қолдаған мектеп ұжымы биік-биік нәтижеге қол жеткізіп отыр. Осы тұста айта кетер бір жай – сапалы білім бере отырып биік мақсатқа жету жолындағы ұжым бірлігі мен еңбекқорлығы үшін облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталып бір қуантса, І жарты жылдықтың соңына қарай мектеп үштік одақтың ұйымдасқан жұмысының нәтижесінде облыстық «Жемқорлыққа қарсы үздік мектеп - 2024» байқауында 19 команданың ішінен оза шауып, жүлделі І орынды қанжығасына байлап, 250 000 теңге қаржылай сый ұтып алды. Ұжымның мұндай жетістігі-ұстаздардың ерен шығармашылығы мен талмай еткен еңбегінің жемісі.

Мектептің басты мақсаты – жас ұрпақтың терең білім алып, ой – өрісін өсіріп, шығармашылықпен жұмыс істей алуына жағдай туғызу, сөйтіп әр оқушының өзін – өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығушылығын ынталандыру, бойындағы қабілетіне сай білімін ұштауына ықпал жасау. Бала бойына адами құндылықтарды қатар сіңіру мақсатында ел ішінде аңыз болған Мұхтар Шаханов, Асылы Османова, Күләш Ахметова сынды болашақ жастарға айтары бар, әр істері мен салиқалы сөздері өнегеге толы жандармен жарқын жүздесулер болды. Өмірдің сара жолы мен түрлі қағидаттарын оқушы санасына көркем де көсем сөздерімен үлгі етіп, болашаққа бағыт берді. Мектеп оқушылары танымал тұлғалардың ақыл-кеңестерін тыңдау арқылы өмір еңбексіз ештеңе бермейтінін, оқу – білім адам өміріндегі тамаша байлықтардың бірі екенін

түсінді. Дана жазушыларымыз білімнің күнделікті тәжірбиенің ұсақ түйірлерінен құралатынын айтқан болатын. Осындай күнделікті тәжірбиенің ұсақ түйірлерінен құралатынын айтқан болатын. Осындай күнделікті қоғамдағы негізгі мәселелерге барынша ден қоя отырып, жұмыс жасап отырған ұжымымыздың жетістіктері де аз емес. Халықаралық байқаулар мен жарыстарға қатысқан шәкірттеріміз де биіктерден көрінуде.

Музыка пәнінің мұғалімі Габбасова Гулжазира Жанибековна жетекшілік еткен «Балдәурен» тобы Түркия елінде болған Халықаралық байқаудан бас жүлде алып, Грузияның Батуми қаласында өтетін байқауға жолдама алып бір қуантты. Өнерлі шәкірттер тәрбиелеуге жалықпайтын, шәкірттерінің өзіне өза шауып бәйге алуына бар жағдайын жасайтын Гулжазира Жәнібековнаның тәрбиелеген оқушылары қазіргі таңда республика көлемінде танымал. Жаңа оқу жылында білім беру қара шаңырағының 10 жыл толу мерекесі қарсаңында халық қалаулысы және жастардың ерекше ықыласына бөленіп жүрген Аяу қызымыз өзі түлеп ұшқан мектебіне әуелеген әнмен шашу шашып, өзінен кейінгі шәкірттерге үлгі көрсетті. Аяудай танымал шәкірттерінің мектеп табалдырығынан түлеп ұшса да жүрегінен шығармауының өзі бір ғанибет емес пе?!

Келесі бір мектеп мақтанышы болған бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Гулмира Байдаулетовнаның шәкірті «Тәуелсіз елім - тірегім» атты халықаралық Дубай қаласында өткен жас өнерпаздар арасындағы өнер додасында «Бейнелеу өнері» жанры бойынша 3-сынып оқушысы Күмісбек Айдана бас жүлде иеленді.

Мектеп мақтанышы Сабыр Ерасыл Астана қаласында өткен Халықаралық Джиу-джитсу «Айге» чемпионатында қатысып, әлем чемпионы атанды. Спорт саласындағы тағы бір айта кететін мақтанышымыз 9-сынып оқушысы Асанбай Әнуар Сингапурда өткен Азия чемпионатының қола жүлдегері, 5-сынып оқушысы Жүмаділ Ерсұлтан дзододан Іле ауданының ашық біріншілігінде орын алды. Бұл жетістіктер басқа да оқушыларға үлгі болады деп ойлаймын.

Еліміздің ілгері дамуын қамтамасыз ететін-білім саласы. Сол білім саласында шығармашылық бағытта жұмыс жасап, тың жаңалықтар ашатын, ойлау қабілеттерімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Сондай бір жаңалыққа жаны құмар, із-

денімпаз шәкірттеріміз облыстық «Зерде» байқауынан Қыдырбай Бейбарыс І орын, Думанқызы Інжу ІІІ орын иеленді. Жетекшілер – Тұрсынбек Сара және Нұрімбетова Баян.

Ұлтты ұлт етіп оны әлемдік деңгейде көтеретін – дарынды да талантты ұрпақ. Сондықтан әрбір ұстаз алдындағы міндет – өзі оқытатын пәнінен көкірегінде сәулесі бар талапты шәкіртті тани біліп, оқушы дарынын ашып дамыта білу. Міне, осындай мектеп мақтаныштары «Айқанат» республикалық олимпиадасының жеңімпазы Әбілқасым Айбек грант иегері, Дөненбай Кәусар жартылай грант иегері атанды. Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған пәндік олимпиадасының республикалық кезеңінен – 10 шынып оқушысы Бауберік Азамат ІІ орын алды. Жетекшісі Иманбек Бердіахмет облыс әкімінің құрмет грамотасымен марапатталды.

Тарих пәні мұғалімі А.Садуақасов республикалық педагогтар мен психологтарға арналған «Олимп шыңы олимпиадасының» ІІІ дәрежелі дипломымен марапатталды.

Мына ала шапқын кезде және біздің өңірдегі үш ауысымды мектепті басқару екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес.

Қазіргі таңда №28 мектеп – гимназияда 600 оқушының орнында 1715 оқушы үш ауысыммен білім алып жатыр. Міне осы тұста тәжірбиелі басшы басшылық қызметін барынша шебер пайдаланып, қат-қабат туындап жатқан қиындықтардың жолын тауып, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын биікке көтере алды. «Ұстаз түзелмей ұрпақ түзелмейді» деген қанатты қағидаға сай мұғалімдердің алаңсыз қызмет етуіне лайықты жағдай туғызуға Табиғат Төлеуқызы бар күш жігерін жұмсауда.

Табиғат Төлеуқызы қызмет барысында республика, облыс аудан тарапынан марапаттарға ие болды. Оның алар асулары алда, сол шырдарды бағындыруда талмай еңбек етуіне ағалық ақ батамды беремін.

Әр ұжым мүшесі алдында айқын мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолын көздесе ғана мақсатына жете алады дер едім. Болашақта мақсаты айқын, ауызбірлігі мықты ұжымның алар асуы көп болсын, барша ұжым мүшелері еңбектеріңіздің жемісін бірге көре берулеріңізге тілектеспін.

Құрманғали ӘБЕЙБЕКОВ,
ақсақалдар алқасының мүшесі.
Байсерке ауылы
Іле ауданы.

Мерей

Ұстаз-ұлық емес, ұлы қызмет



Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар. Бірақ істеген еңбегі, көрген бейнегі, жеткен зейнегі, алған асуы, жеткен биігі әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап жатады...

Сондағы жалпының іздейтіні біреу. Ол-кісілік пен кішілік, ата тегінен жалғасқан келбет, азаматтық тұлға. Осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар. «Ұстаз-ұлық емес, ұлы қызмет» деп батыр жазушы полковник Б. Момышұлы нақты айтқан...

2025 жылы құрметпен Алжанбай Әсет Көшербайұлы ағамыз адам өмірінің айтулы белесі 75 жастың мәртебелі шыңына шыққан, асқаралы биігіңіз құтты болсын. Аудандағы 90-нан аса оқытушы ұстаздар сіздің әскери патриоттық тәрбиедегі көп жылығыз істеген жетістігіңізді біледі, кездесу-жиынға қатысып көргендер де, көрмегендерде газет-журналға шыққан мақалалар арқылы жақсы таныс... Білім мен тәрбие беруде әскери педагогикалық шығармашылық жетістіктерге адал қызмет, адал табыс, адал еңбекпен жеттіңіз. Отан қорғайтын саналы оқушыларды мектеп, колледжде оқытып, әскери бағыт-бағдар бердіңіз. Аудандағы 2 мектеп, 3 колледжде көп жыл жоғарғы санатты әскери оқытушы ұстаздық қызметпен бірге, жыл сайын өткізген іс-шара, кездесу-жиындар арқылы аудан, облыс, республикаға танылдыңыз. Еліміздің болашағы оқушы жастарды оқытумен бірге, әскери патриоттық рухта тәрбиелеудегі жемісті оқы-



тушылық еңбегіңіз бағаланып, жас оқытушы ұстаздарға бағыт-бағдар, іс-тәжірибеніңізді көрсетіп, білгеніңізді үйреткен «аға ұстаз» деп аудандағы оқытушы ұстаздары сізді құрметтейді...

30-шы тамыз Қазақстан Республикасының Ата заңына 30 жыл толу құрметіне орай, ардагер, запастағы зейнеткер оқытушы ұстаз, капитан Әсет Көшербайұлы ағамызға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінен келген «Алғыс хат» және Еңбекшіқазақ ауданының Қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің «Мадақтамасы» салтанатты жиында табыс етілді.

Б.СМАЙЫЛОВ,
Еңбекшіқазақ аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы.

Акция

«Мектепке жол» – шынайы қамқорлықтың көрінісі

Жаңа оқу жылы қарсаңында елімізде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы биыл да өз жалғасын тапты. Қонаев қаласы, Кербұлақ ауылындағы №7 орта мектеп ұжымы да бұл игі бастамадан шет қалмай, әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға көмек көрсету жұмыстарын қолға алды.

Акция аясында мектеп мұғалімдері, ауыл азаматтары және қолы ашық жомарт жандардың демеушілігімен бірқатар оқушыларға мектепке қажетті құрал-жабдықтар мен киім-кешек табысталды. Оқушылар сөмке, дәптер, қалам, сызғыш, бояу және мектеп формасы сияқты қажетті заттарға қол жеткізді. Бұл – балалар үшін тек материалдық көмек ғана емес, олардың

білімге деген қызығушылығын арттырып, мектепке қуанышпен келуіне себеп болған шынайы қолдау.

Кішкентай ғана жақсылық кейде бір баланың болашағына жол ашады. Бір дәптер, бір сөмке, бір жылы сөз – баланың мектепке деген ынтасын оятады, оның арманына қанат бітіре алады. Қолыңнан келген көмекті аямай, мұқтаж балаға қолдау көрсету

– ең ізгі әрі сауапты іс. Бәріміз бірге болсақ, білімге жол ашық, болашақ нұрлы болады. Мектепке жол бәрі үшін жарық жолға айналады.

Мектеп директоры мен педагогикалық ұжым ата-аналар мен ауыл тұрғындарына алғыс білдіре отырып, акция әлі де жалғасып жатқанын хабарлады. Қамқорлық пен мейірім көрсеткісі келетін кез келген азамат мектепке хабарласып, үлесін қоса алады. «Мектепке жол» акциясы 1 тамыз бен 31 қыркүйек аралығында өтеді. Қазіргі таңда көмекке мұқтаж бірнеше оқушыны қолдауға бағытталған шаралар жоспарлануда. «Мектепке жол» – бұл тек акция емес, бұл – жүрек-тен шыққан шынайы қамқорлықтың көрінісі. Бала – ел болашағы десек, сол болашаққа жол ашу – әрқайсымыздың азаматтық міндетіміз.

Ә. ЖАПАРБЕКОВА,
Кербұлақ ауылындағы № 7 орта мектептің әлеуметтік педагогы.

Кенінен қолдау көрсетілді

Боралдай кенті ақсақалдар кеңесінің төрағасы А.Сейітұлы мен аналар кеңесі төрайымы М.Қаламбаеваның ұйымдастыруымен ауылымыздағы «Арын қажы» мешітінде сол мешіттің жамағатының жұмылуымен «Мектепке жол» шарасы өтіп, мұқтаж отбасылар мен көп балалы аналарға жәрдем ретінде оқу құралы жабдықтарымен толтырылған мектеп сөмкелері таратылды.



Мархаба апамыз өз сөзінде көп балалы аналарға, келіндерге өсиетін айтып, көп балалы шаңырақта береке барын ескертті. Балаларына жабдықтай сыйлық алған көп балалы ана Гүлжазира барлық келіндердің атынан алғысын білдірді. Жалпы саны 260 сөмке таратылып, жамағаттың көмегімен 2 600 000 теңге жұмсалды. Боралдай кентінде жәрдемге мұқтаж барлалардың барлығына кеңінен қолдау көрсетілді.

Шара соңында ақсақалдар кеңесінің төрағасы А.Сейітұлы балаларға батасын берді.

Өз тілшімізден.

Оқу құралдары табысталды

Райымбек аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекболат Бірбаевтың бастамасымен Нарынқол ауылында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды.

Аталған игі шара аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына жаңа оқу жылына қажетті оқу құрал-жабдықтары мен сөмкелер табысталды.

Мұндай акцияның мақсаты оқушыларға қолдау білідіріп, олардың білімге деген ынтасын арттыру және әлеуметтік тұрғыдан әлсіз отбасыларға көмек көрсету болып табылады. Жаңа оқу жылы қарсаңында оқулық толы сөмкелер мен жаңа әрі әдемі киім-кешек алған балалардың балғын жүзіндегі қуаныш пен ризашылық сезім ардагерлердің жүрегін елжіретті. Аға буын өкілдері жүздері бал-бұл жайнаған оқушыларға аталық тілектерін айтып, ақ баталарын берді.

Өз тілшімізден.



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Стихиялық сауданың қауіптілігі

Стихиялық сауда - гигиеналық нормативтердің талаптарын бұза отырып, шығу тегі белгісіз және сапасы кепілденбеген өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарсыз тамақ жайдайда тамақ өнімнің қауіпсіздігін растайтын сәйкестікті бағалау (растуа) туралы тауарға таңбалау, ілеспе құжаттар жетіспейді, өнімдерді температуралық режимі сақталмай сатылады, тіпті жаздың ыстық ауа-райында да тоңа-

Халық үшін ең үлкен қауіп азық-түлік өнімдерінің саудасы (тез бұзылатын өнімдер) - сүт, балық, ет, жұмыртқа, шұжық өнімдері. Сатушыларда көп жағдайда тамақ өнімнің қауіпсіздігін растайтын сәйкестікті бағалау (растуа) туралы тауарға таңбалау, ілеспе құжаттар жетіспейді, өнімдерді температуралық режимі сақталмай сатылады, тіпті жаздың ыстық ауа-райында да тоңа-

зытқыш жабдықтарымен жабдықталмаған. Ауа температурасы жоғары болған кезде сүт өнімдері, шұжық және ет, жұмыртқа, балық, өнімдері) өзінің дәмі мен тауарлық сапасын жоғалтып қана қоймай, адамдардың өміріне қауіп төндірді. Бірақ бұл өнімнің сапасына ешкім жауап бере алмайды, ал сатып алушылар оларды күтіп тұрған қауіп туралы ойламайды.

Сатып алушы стихиялық сауда денсаулыққа зиян тигізетінін, сондай-ақ өлімге әкелетін салдарға әкелуі мүмкін екенін есте ұстауы керек. Ет және балық өнімдері сальмонеллезді, бруцеллезді, ауыр паразиттік ауруларды тудыруы мүмкін; саңырауқұлақтар, көкөністер, үй жағдайында консервіленген ет – ботулизм; барлық тез бұзылатын тағамдар – желел ішек инфекциялары және тамақтан улануды тудырады.

Өзіңізді және жақындарыңыздың денсаулығын сапасыз азық-түлік сатып алудан және тағамнан улану қаупінен қорғау үшін қарапайым ережелерді сақтауды ұсынамыз:

Азық-түлікті стихиялық нарықтардан сатып алмаңыз.

Егер сіз олардың сапасына күмәндансаңыз, тамақ өнімдері мен сусындарды, сондай-ақ өнеркәсіптік емес «үйде» дайындалған өнімдерді тұтынбаңыз.

Азық-түлік пен сусындарды сатып алғанда, сақтау шарттары мен мерзімдерінің сақталуына назар аударыңыз; оларды жапсырмада көрсетілген шарттарға және жарамдылық мерзіміне сәйкес сақтаңыз.

Есіңізде болсын, сауда желісінен кез-келген азық-түлікті сатып алғанда, сіз сатушыдан оның сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды талап етуге құқығыңыз бар.

Денсаулық- баға жетпес байлық, жақындарыңызбен ауырмай өмір сүргіңіз келсе, сапалы өнімдерді тұтынып, жоғарыда аталған ережелерді ұстанғаныңыз жөн.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

ҰЗЕТУ

Құрметті оқырмандар!»

Алатау ардагері» газетінің 22 тамыздағы 34 санының бірінші бетінде бет қаттаушының кінәсінен сурет ауысып кетіпті. Бет қатысушыға тиісті жаза қолданылып, жұмыстан шығарылды.



АЛАТАУ Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының бапханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3400
 Тапсырыс №1852
 Индексі – 65472.